

XFTAP 14. 07. 09

Г.Б. Серік, А. Елубай

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: gaukhaar_09@mail.ru, anar_elubai@mail.ru)

Қытай тілін меңгерудің маңыздылығы және тілді үйрену кезінде аса назар аударылатын ерекшеліктері

Аннотация. Ұсынылып отырған мақалада қытай тілінің басты ерекшеліктері туралы баяндалады. Қытай тілін меңгеруді алдына мақсат етіп қойған әр үйренуші тілдің ерекшеліктеріне аса назар аударуы тиіс. Басты назар аударылатын ерекшеліктердің ішінде қытай тілінің иероглифтік жазба тілінің фонетикалық транскрипция жүйесін (пиньиньді) меңгерудің тиімді тәсілдері ұсынылған. Таяқша, дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесі де ерекше назарды талап етеді. Қытай тілінде тағы да ерекше назарға ие мәселелердің бірі – тон. Сонымен қатар қытай тілінің қазіргі уақытта алатын орны және Қазақстандағы маңыздылығы қарастырылған.

Түйін сөздер: қытай тілі, пиньинь, тон, иероглиф, таяқша, дыбыс, ерекшелік, фонетика, грамматика.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-129-4-71-76>

Түсті: 6.03.19 / Жарияланымға рұқсат етілді: 5.06.19

«Біз үшін қытай тілі өте маңызды, өйткені Қытаймен сауда көлеміміз үлкен, Ресеймен пара-пар. Жапонияда да, Қытайда да бизнес ағылшын тілінде сөйлейді, бірақ экономикалық байланыс миллиардты құрайтын қытай тілі басым болатынын көрсетеді. Мен үйреніп көрген жоқпын, бірақ өзгелермен салыстырғанда қазақтарға жеңіл деп айтады», - деді президентіміз Назарбаев Н.А.

Жаһандық тілдердің бірі қытай тілі (қыт. дәст. 漢語, жеңіл. 汉语, пиньинь: hànyǔ) болып табылады (өзара ұқсас көптеген диалектілерден тұрады). Қытай тілі бұл күндері әлемдегі ең танымал алты тілдің бірі болып саналады. Қазіргі заманда бұл тілде тек қана Қытай Халық Республикасының тұрғындары сөйлеп қоймай, оның сыртында оңтүстік-шығыс Азия елдері, соның ішінде Тайланд, Индонезия, Лаос, Сингапур мемлекеттерінің азаматтары қолданып отыр. Қытай Халық Республикасының аумағынан тыс жерлерде кем дегенде төрт жүз елу миллион этникалық қытайлар осы тілді сақтап қалған. Бұл дегеніміз жер шарында тұратын әрбір бес адамның біреуі осы тілде қарым- қатынас жасайды деген сөз.

Қазақ жерінде де қытай тілінде сөйлейтін адам саны аз емес. Сонымен қатар көрсеткіш саны күннен-күнге жоғары нәтиже көрсетуде. Қазіргі кезде, әсіресе, қытай тілін меңгеруге жастардың құлшынысы үлкен. Соған орай көптеген қытай тілін үйрететін курстар ашылуда, оған қоса жоғарғы оқу орындарында және кей мектеп мекемелерінде де қытай тілі үйретіліп жатыр.

Қытай тілін үйренуде негізге үш басты қағидаларды ескеру керек [1]:

1. Дұрыс дыбыстау;
2. Дұрыс жазу;
3. Грамматика.

Қытай тілін үйренуде қытай тілінің фонетикасын үйрену өте маңызды. Қытай тілінің фонетикасы дұрыс оқытылған жағдайда, сөйлеген сөздерімізді, айтылған ойымызды жаңсақ түсіну орын алуымен қатар, қытай тілінде қарым-қатынас жасау үдерісі қиындап кетуі мүмкін. Сондықтан, қытай тілінің дыбыстау жүйесін үйрену осы тілді оқудың бастамасы мақсатты тілді талап деңгейіне сай меңгерудің алғы шарты болып табылады [3].

Қытай тілі дыбыс құрау жобасының әліпбилік кестесі 拼音字母:

Әріп	Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh	Ii
Аталуы	А	Бы	Цы	Ды	Ы	Еф	Гы	Хы	И
Әріп	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo	Pp	Qq	Rr
Аталуы	Жи	Кы	Лы	Мы	Ны	О	Пы	Чи	Ыр
Әріп	Ss	Tt	Uu	Vv	Ww	Xx	Yy	Zz	
Аталуы	Сы	Ты	у	Вы	Уу	Ши	Й	Зы	

Жалпы қытай тілінде жиырма бір дауыссыз, алты дауысты дыбыс бар. Олар мыналар:
b, p, m, f, d, t, n, l, z, c, s, zh, ch, sh, r, j, q, x, g, k, h.

Бұл дауыссыз дыбыстар ешқашан өзгермейді, тұрақты болады. Оларды қытай тілінде “**шыңму**” деп атайды.

Ал дауысты дыбыстар мыналар: *a, o, e, u, i, u.* Осындай дауысты дыбыстарды қытай тілінде “**иүнму**”. Бұлар жалаң дауысты дыбыстар. Жалаң дауыстылар бір-бірімен өзара қосарлана келіп, қосар дауыстыларды туғызады.

Мысалы: **ao, ai, ei, ui, iao, uai** дыбыстарды мұрын дыбыстармен бірігіп келіп дауыстыларын жасайды.

Мысалы: **an, ang, ong, eng, in, ian**

Жалпы дауыстылардың саны отыз сегіз. Осы дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстармен бірігіп белгілі бір буынды құрайды. Қытай тіліндегі бір буын бір сөз болады, әрі бір әріп болады. Кейде қосарланып келеді де бір сөз жасайды. Қытай тілінде төрт жүзден аса буын бар [1].

Қытай иероглифтерінің саны шексіз. Қытай жазуы иероглифтік жазудың бүгінгі күндегі ең дамыған түрі болып саналады. Иероглиф 汉字 (гр.hieros -қасиетті, гр.glyphe – қиылып алынған) – идеографиялық жазудың таңбасы.

汉字 тік жазба әлі күнге дейін әлемде қытай тілінде сұхбаттасушылардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуында маңызды рөл атқарып келеді. Иероглифтің ең қарапайым құрамдас бөлігі графикалық элемент деп аталады [2].

Графикалық элементке:

一 heng 丨 shu 丿 pie 丶 na dian 乚 t ienggou 丿 shugou ㇏ shuti ㇏ xiegou

Кейбір таяқшалық элементтердің басқада нұсқалары бар. Нәтижесінде жалпы жиырмаға жуық негізгі таяқшалық элементтер бар екендігі анықталды. Канси сөздігінде 50-ден астам таяқшалардан құралатын иероглифтар да бар. Заманауи сөздіктерде 20 немесе одан да көп таяқшалардан тұратын иероглифтар да жиі кездеседі [4].

Қытай иероглифтерін жазудың негізгі ережелері:

笔画	名 称	例 字	笔画	名 称	例 字
丶	点	广	㇀	横 钩	写
一	横	王	㇁	横折钩	月
丨	竖	巾	㇂	横折弯钩	九
㇀	撇	白	㇃	横撇弯钩	那
㇄	捺	八	㇄	横折折折钩	奶
㇅	提	打	㇅	竖折折钩	与
㇆	撇 点	巡	㇆	竖 弯	四
㇇	竖 提	农	㇇	横折弯	沿
㇈	横折提	论	㇈	横 折	口
㇉	弯 钩	承	㇉	竖 折	山
㇊	竖 钩	小	㇊	撇 折	云
㇋	竖弯钩	屯	㇋	横 撇	水
㇌	斜 钩	浅	㇌	横折折撇	建
㇍	卧 钩	心	㇍	竖折撇	专

Қытай тіліндегі бір иероглиф бір буынмен беріледі. Ал иероглифті оқу үшін бізге оның транскрипциясы керек. Ал транскрипция латын әріпімен беріледі. Пінин (*Pinyin, Hanyu Pinyin*) - **қытай** тілінде пайдаланылатын латындандырылған дыбыстанба жүйесі.

Қытай иероглифтері солдан оңға, жоғарыдан төменге қарай жазылады. Қытай иероглифтерінің өзіндік жазылу тәртібі болады.

1. Алдымен хың (көлденең сызық), онан соң шу (тік сызық):

Мысалы: 十 士

2. Алдымен пие, онан соң на:

人

3. Үстіден астына қарай:

三 云 学 示

4. Солдан оңға қарай:

你 仕

5. Алдымен сырты, онан кейін ішкі жағы жазылады:

月

6. Алдымен сырты, онан кейін ішкі жағы жазылып, соңында жабылады:

日 国 囡 囡 囡

7. Алдымен ортасы, онан соң сол жағы, соңында оң жағы жазылады:

小

Бір қытай иероглифін бірнеше бөлікке бөлуге болады. Әрбіреуінің өзіндік конструкциясы бар. Өз тәртібі бойынша жазылған қытай иероглифтері дұрыс әрі көркем болып шығады. Қытай иероглифінің көбісі бірнеше үлкен бөліктен тұрады, яғни иероглифтерінің бір жағындағы кілт мағынасын білдірсе, екінші бөлігі дыбысталуын білдіреді [4].

Қытай жазуының үлгісі:



Қытай иероглифтерінің тарихы терең және әр қытай иероглифі бір затпен теңестірілген немесе ұқсатылып жазылған. Әр иероглифте терең мағына жатыр. Мысалы: ағаш деген сөз – 木 ти ағаш мүсініне ұқсатылып жазылған.

	-	木	mu - ағаш
	-	火	huo – от
	-	人	ren – адам
	-	山	shan – тау
	-	口	kou –ауыз
	-	女	– қыз, әйел

Дыбыстың жоғары төмендігі арқылы мағына ажырату тон деп аталады. Қытай тілінде 4 тон бар. Әр тонның өзінің белгісі бар. Қытай ортақ тілінде бірінші тон, екінші тон, үшінші тон, төртінші тон деген 4 тон болады: **mā, má, mǎ, mà** [1].

┐ бірінші ˊ екінші ˋ үшінші ˋ төртінші тон

Тондар қытай тіліндегі ең маңызды алғышарттарының бірі. Тон мағына ажырату қызметін атқарады. Кей дыбыстар қысқа, жеңіл айтылады. Буындардың ішінде а болса тон белгісі шартты түрде а-ның үстіне қойылады, егер а болмай о, е, і, у болса, солардың реті бойынша үстіне тон белгісі қойылады. і дыбысы келгенде үстіндегі нүктенің орнына тон белгісі қойылады. Екі үшінші тон қатар келсе, онда бірінші тұрғаны екінші тонға өзгертіліп оқылады. Мысалы: nǐhǎo – nǐhǎo, yǔsǎn – yǔsǎn, xiǎoniǎo – xiǎoniǎo .» — (yī)” басқа буындармен қосылып оқылғанда тоны өзгереді. Төртінші тонның алдында болса, ол екінші тонға өзгереді, ал басқалармен қосылғанда төртінші тон болып оқылады. Мысалы: yī + tiān → yìtiān, yī + cì → yìcì, yī + ríng → yìrìng . “ 不 (bù)” басқа буындармен бірге келгенде тоны өзгереді. Төртінші тон буындарының алдында екінші тон болып оқылады. Басқа буындарының алдына келгенде әуелі тоны бойынша оқылады. Мысалы: bùyìàn → búbiàn, bùshì → búshì [4] .

Қытай тілінде тондарды дұрыс дыбыстау өте маңызды. Себебі, ұқсас иероглифтер көп болған соң, тон қате дыбысталса, онда сөздің мағынасы тікелей өзгеріске ұшырайды.

Мысалы: «Мен анамды жақсы көремін» « 我爱我的妈妈 » деп айтқыңыз келсе, бірақ тондарды шатастырып «Мен атымды жақсы көремін» « 我爱我的马 » деп айтып жіберуіңіз әбден мүмкін. Себебі қытай тілінде « 妈 » және « 马 » буындары бірдей оқылып, әртүрлі дыбысталады әрі тондары әртүрлі: «马» буыны үшінші тонда, ал «妈» буыны бірінші тонда айтылады .

Сонымен қатар, қытай тілінің грамматикасына да аса назар аудару керек. Қазақ тілінде баяндауыш сөйлем соңында тұрса, қытай тілінде сөйлемнің ортасында орналасады. Мысалы: қазақ грамматикасында “Мен қытай тілін оқимын”, ал қытай тілінде “Мен оқимын қытай тілін” — 我学习汉语 [1].

Қорыта айтқанда, қытай тілі өте күрделі тілдердің қатарына жатады. Қытай тілінің өзіне тән ерекшеліктері де баршылық. Қытай тілін меңгеруді ойына алған әр үйренуші осы ерекшеліктерді міндеттеі түрде есте сақтау керек. Қытай тілін үйрену көрші ел болған Қазақстан үшін өте маңызды. Тіл үйрену үшін орта, тіл үйренуге деген қызығушылық, әуестік керек және тіл үйренудің әдіс-тәсілдерін меңгеру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Научно-методический журнал «Иностранные языки в школах Казахстана. 2004. - Т. 18. № 6. - С. 39-41.
2. Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. - 344 с.
3. Мәсімхан Д., Мамытан Қ. Қытай тілі фонетикасының негіздері: Оқу құралы. — Алматы: Изд-во Казахского университета, 2001. - 162 б.
4. “Қытай иероглифтеріндегі графемалар” [Электронды ресурс]. - URL: <https://studopedia.su/> (Қаралған күні: 01.03.2019.).

Г.Б. Серик, А. Елубай

Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Значение китайского языка и важнейшие особенности его изучения

Аннотация. В предлагаемой статье излагаются основные особенности китайского языка. Каждый изучающий, который ставит перед собой цель овладеть китайским языком должен уделять большое внимание главным особенностям изучаемого языка. Предложены эффективные приемы обучения фонетической системе китайской иероглифической письменности - пиньину. Особого внимания при изучении китайского языка требует система палочек, гласных и согласных звуков, а также тон. Кроме того, описывается значение китайского языка в Казахстане в настоящее время.

Ключевые слова: китайский язык, палочка, тон, звук, особенность, пиньинь, иероглиф, фонетика, грамматика.

G.B. Serik, A. Elubai

Karaganda State University named after E.A.Buketov, Karaganda, Kazakhstan

The importance of learning Chinese and the main features that should be paid special attention during the study

Abstract. The article describes the main features of the Chinese language. Every person who has a goal to learn Chinese should pay considerable attention to the main features of the Chinese language. Some effective techniques of acquiring pronunciation system of Chinese hieroglyphic written language (PinYin) have been suggested. In addition, the place and importance of the Chinese language in Kazakhstan is provided. The system of sticks, vowels and consonants also requires special attention. Another issue that is of particular importance and requires special attention is - tone. The issues that have been taken into account will be discussed in more detail in the proposed article.

Keywords: Chinese, sound, sticks, tone, hieroglyph, pinyin, peculiarity, phonetics, grammar.

References

1. Nauchno – metodicheski jurnal “Inostrannye yazyki v shkolah Kazakhstana” [Scientific-methodical journal “Foreign languages in schools of Kazakhstan”], 6 (18), 39-41, 2004).
2. Sadyrova M. Aleumattanudyn tusindirme sozdigi [Dictionary of sociology] (Sozdk-Dictionary, Almaty, 2007, 344 p.).
3. Masimkhan D., Mamytan K. Kytai tili fonetikasynyn negizderi [Fundamentals of phonetics of the Chinese language] (Kazakh University Press, Almaty, 2001, 162 p.)
4. “Kytai ieroglifterindegi grafemalar ”[“Graphemes in Chinese characters”] [Electronic resource]. Available at: <https://studopedia.su/> (accessed: 1.03.2019).

Авторлар туралы мәлімет:

Серик Г.Б. – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шетел тілдер факультетінің 4 курс студенті, Мұқанов көшесі, 1, Қарағанды, Қазақстан.

Елубай А. – аға оқытушы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Мұқанов көшесі, 1, Қарағанды, Қазақстан.

Serik G.B. – 4-year student of the Faculty of Foreign Languages, E.A.Buketov Karaganda State University, Mukanov str., 1, Karaganda, Kazakhstan.

Elubai A. - Senior lecturer of the Department of Foreign Language, E.A.Buketov Karaganda State University, Mukanov str., 1, Karaganda, Kazakhstan.